Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

№42 (1866) 17 желтоқсан 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.KAZNU.KZ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Түркия Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы Метин Кыратлы бастаған делегация арнайы келді. Метин Кыратлы оқытушы-профессорлар мен студенттер алдында көшбасшылық дәріс оқыды.**

**Метин КЫРАТЛЫ:**

## ҚазҰУ-дың биік мәртебесін сезініп тұрмын



Жиынды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, бауырлас мемлекеттер қарым-қатынасының маңызына мән беріп, оқу орнының түркиялық әріптестермен тығыз байланыстықта екенін жеткізді.

«Белгілі заңгер, тәжірибелі дипломат Метин Кыратлы Анкара университетінің заң факультетін бітірген. Бірнеше жоғары оқу орнында білім алған. Еңбек жолын Анкара сотында тағылымдамадан бастаған. Әртүрлі Жоғарғы соттарда сот төрағасы қызметтерін атқарған. 2014 жылы Түркияның 12-ші Президенті Режеп Тайып Ердоғанның сайлануымен Президенттің Бас хатшысының орынбасары болып тағайындалды. Метин мырза Түркия Президенті Әкімшілігінің басшысы қызметін 2018 жылдан бері атқарып келеді», – деді ректор.

Өз кезегінде құрметті қонақ ҚазҰУ басшылығына ерекше қонақжайлылығы үшін алғыс білдірді. Ол: «Атажұртқа келгеніме қуаныштымын. Көптеген ғылым саласында жоғары дәрежеде көрінген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биік мәртебесін сезініп тұрмын», – деп ыстық лебізін жеткізді.

Кездесу соңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесі шешімімен Жансейіт Түймебаев Метин Кыратлыға «Құрметті профессор» атағын табыстады.

**Әйгерім ӘЛІМБЕК**

# Тәуелсіздік – халқымыз үшін баға жетпес байлық

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері және студенттер!**

Сіздерді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы және өз атымнан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздік күні – халқымыз үшін қасиетті мереке.

Бұл – азаттықты аңсаған бабалар аманаты, елдігіміздің тұғыры, мызғымас мемлекеттігіміздің айқын белгісі.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Тәуелсіздік мерекесімен құттықтауында: «Азаттық үшін арпалысқан ұлт перзенттерін ел жадында мәңгі сақтау – қасиетті парызымыз. Олардың отаншылдық қасиеті – бүгінгі және болашақ ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге. Біз тамыры терең мемлекеттігіміздің маңызды белестерін ұлықтап, ұлтты ұйыстыратын ортақ құндылықтарды нығайта береміз. Сол арқылы қастерлі тәуелсіздігіміздің тұғырын бекемдей түсеміз. Тәуелсіздік – баға жетпес байлық. Бәріміз оны көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Мемлекетіміздің егемендігін,



еліміздің амандығы мен жерміздің тұтастығын қорғау – әр азаматтың қастерлі борышы», – деді.

Мемлекет басшысы биылғы халыққа Жолдауында «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» қалыптастыру бағыттарын айқындап берді.

20 қарашада қазақстандықтар кезектен тыс өткен президент сайлауына белсене қатысты.

Сайлауда қазақстандықтар еліміздің болашағы мен тұрақтылығы үшін дауыс беріп, жаңа, әділетті Қазақстан үшін өз таңдауларын жасады.

Сайлауда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халықтың басым дауысына ие болып, сенім жеңіске жетті.

Бұл – өз болашағына сеніммен қарайтын елдің жеңісі болды.

Осынау тарихи кезеңде тәуелсіз мемлекетіміз үлкен саяси өзгерістерге қадам басты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды тұғырнамасында белгіленген міндеттерді іске асыру – ең алдымен бүкіл халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған саяси жауапкершілік.

Біз осы мақсатта күш біріктіріп, ел болашағы үшін жүйелі жұмыстарды атқаруға тиіспіз.

Әділ мемлекет қалыптастырып, жаңа Қазақстан құру – барша қазақстандықтардың алдында тұрған тарихи міндет.

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды бәсекеге қабілетті жастар, өз кәсібін жетік меңгерген кәсіби мамандар, білікті ғалымдар ғана қалыптастыра алады.

Біздің басты мақсатымыз – жастарға сапалы білім беру, білікті ғылыми кадрларды даярлау, мемлекет дамуына қызмет ететін бәсекеге қабілетті мамандарды тәрбиелеу.

Тәуелсіз мемлекетімізді өркендетуге үлес қосып, ғылым-білімді дамыту – бәрімізге ортақ міндет.

Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Ел іргесі бүтін, тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын!

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**



Нұржамал АЛДАБЕК:

**Шығыстанушылар ұлттық дипломатияның құрылуына зор үлес қосты**

3-бет



**Дала өркениетінің дәстүрлі шаруашылығын зерттеуші**

4-бет



**Борец за свободу независимость**

5-бет

# ҚазҰУ ұжымы Түркияда тәжірибе алмасты

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен және ұйымдастыруымен білім ордасының 50-ге жуық оқытушы-профессорлар құрамы мен жас ғалымдары Түркияда тәжірибе алмасуда. Сапар аясында ҚазҰУ делегациясы Ақтеңіз университетіне барды.**




Ақтеңіз университеті – Түркиядағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Түркияда академиялық зерттеулер негізінде жазылған ғылыми мақалалар бойынша Ақтеңіз университеті үздік бестікке кіреді. Жерорта теңізінің жағалауында орналасқан университет кампусында 250-ден аса ғимарат бар. Білім ордасының ғылыми-технологиялық базасы жоғары мүмкіндіктерге ие. Сондай-ақ логистикалық коммуникациясы жолға қойылған.



Бір аптаға созылатын курс барысында оқытушылар түрік жоғары білім беру жүйесімен етене танысып, оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша тәжірибе алмасатын болады. Сонымен қатар заманауи білім беру, инновациялық әзірлемелер мен оқытудағы озық технологиялар тақырыбында тренингтерге қатысады. Іссапар барысында бірлескен білім беру бағдарламалары мен жобаларды іске асыру бойынша әріптестікті одан әрі нығайту көзделуде.

ҚазҰУ делегациясымен кездесуде Ақтеңіз университетінің Денсаулық сақтау саласын басқару ісі кафедрасының меңгерушісі Мұстафа Чобан сөз сөйлеп, алдағы уақытта да ҚазҰУ мен Ақтеңіз университеті арасында бірлескен жобалар жүзеге асатынын жеткізді.

*Жалғасы 8-бетте*

№42 (1866), 17 ЖЕЛТОҚСАН 2022 ЖЫЛ ● АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ
QAZAQ UNIVERSITETI

# Биологиялық қауіпсіздік басты назарда

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «QazBioPharm» холдингінің ұйымдастыруымен «Ведомствоаралық ғылыми кластер – ғылымды қажетсінетін өнім жасаудың негізі» атты семинар өтті.**



Кездесуде «QazBioPharm» ұлттық холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Бердібек Сапарбаев сөз сөйлеп, бүгінгі шараны өткізуге қолдау көрсеткен университет басшылығына ризашылығын білдірді. Бердібек Сапарбаев өз сөзінде Президенттің тапсырмасы бойынша 2021 жылдың желтоқсан айында құрылған ұйымның қызметі туралы баяндады.



Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев баяндама жасады.

«Әлемдік пандемия барлық салалардың даму бағыттарын қайта қарауды талап етуде. Осы орайда, университеттер мен ғылыми қауымдастық алдында жаңа міндеттер пайда болды. Биылғы мамыр айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биологиялық қатерлерге қарсы тұру мақсатында «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» заңына қол қойды. Аталған заң осы саладағы ғылымды дамытуға мүмкіндік береді. Бұл университеттегі ғылымның дамуына, жаңа ғылыми кадрлардың қалыптасуына ықпал ететіні сөзсіз», – деді университет басшысы.

Семинар спикерлері биологиялық қауіпсіздікті дамыту, ғылыми кластер құру, инновациялық жобаларды коммерцияландыру және т.б. мәселелер бойынша өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

**Света ӨМІРҒАЛИЕВА**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кеңесінде 2022-2023 оқу жылындағы қысқы емтихан сессиясының барысы талданды.**

# Жетекші университеттер тәжірибесі зерделенді



Алдымен оқу орнының Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Фатима Жақыпованың баяндамасы тыңдалды.

«Оқу жылының басында департамент қызметкерлері қысқы сессияға дайындық бойынша ауқымды жұмыс жүргізді. Атап айтқанда, жазбаша емтихандарды өткізу кезінде цифрлық технологиялар мен жауап парақтарының жаңа форматтары енгізілді», – деді проректор.

Сонымен қатар қорытынды бақылаудың оңтайлы тәсілін таңдау кезінде АҚШ (MIT, NYU, NCSU, UW), Сингапур (NUS), Еуропаның (University of Amsterdam) жетекші университеттерінің тәжірибесі зерделенді.

Сондай-ақ қысқы сессияны өткізуге байланысты қаулы жобасы шығарылып, емтихан барысын бақылау ситуациялық басқару орталығына жүктелді. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент қысқы емтихан сессиясының қорытындыларына талдау жүргізеді және жазғы емтихан сессиясына емтихан тапсырмаларының әзірленуін және сапасын арттыруды қамтамасыз етеді. IT-инфрақұрылымды дамытуды қамтамасыз ету департаментіне емтихан сессиясы кезеңінде ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша үздіксіз жұмыс пен қажетті техникалық қолдауды қамтамасыз ету міндеттелді.

Бұдан бөлек, жиын барысында ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің магистранттары – Татьяна Ячковская мен Жәмила Мұратқа Әулие Охрид Клемент атындағы София университетімен қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша дипломдар табыс етілді.

Сонымен қатар Басқарма Төрағасы – Ректор жанынан консультативтік кеңес құру туралы мәселелер және университет ғалымдарының жариялауға арналған монографияларының ұсыныстары қаралды.

**Гүл БАЯНДИНА**

# Ұлт ұстазы лайықты ұлықталды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Ахмет оқулары» аясында «Ахмет Байтұрсынұлы және ғылым тілі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.**



Конференцияға ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев құттықтау жолдады. Онда: «Ахмет Байтұрсынұлы – өте терең, жан-жақты тұлға. Ол тіл, әдебиет, лингвистика, педагогика, саясат сияқты салмақты салаларда ұлтының білімін молайтып, еркіндікке қол жеткізуіне бар күшін жұмсады», – делінген.

Сонымен қатар жиынға «ТілҚазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры Ерболл Тілешов қатысып, ҚР Жоғары білім және ғылым министрі Саясат Нұрбектің құттықтау сөзін оқыды. Министр: «Бүгінгі алыс-жақын шетелдер мен еліміздің ғалымдары қатысып отырған конференцияның нәтижелері қазақ тілтануы үшін ғана емес, мемлекеттік тілдің ғылым тілі деңгейінде қолданылуына қосылатын аса маңызды жұмыс болады деп санаймын. Ғалым еңбектерін терең зерттеу жалғаса береріне сенімім мол», – дей келе, ахметтанушы ғалымдарға алғыс білдірді.

Алқалы жиында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қатысушыларға өз құттықтауын жеткізді.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ахмет Байтұрсыновтың биылғы 150 жылдық мерейтойына жан-жақты дайындықпен келді. Ғалым мұраларын қамтыған ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізілді. Ұлт ұстазының таңдамалы еңбектері көптомдық ретінде шығарылды. Бұл шығарылымның басты ерекшелігі – студенттер А.Байтұрсынұлы еңбегінің түпнұсқасын оқуға толық мүмкіндік алды. Биыл университетіміздегі Қазақ тіл білімі кафедрасына Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілді», – деп атап өтті Жансейіт Түймебаев.

Конференцияны жүргізген Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан өз сөзінде институттың биылғы атқарған жұмыстарын тілге тиек етті. Ғалымдар мен жас ізденушілер ұлт ұстазының мол мұрасын жаңа қырынан зерттеуге бет бұрғанын айта келе, шараның мәні мен маңызына тоқталды.

Сондай-ақ шарада Түркияның Османғазы университетінің профессоры Феррух Ағжа, ҚР ҰҒА академигі Шерубай Құрманбайұлы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың А.Байтұрсынұлы атындағы кафедра меңгерушісі Анар Салқынбай және өзге де баяндамашылар сөз алып, Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық ғылым тілінің қалыптасуына сіңірген еңбегі, терім сөздерінің негізділігі, ғалым жасаған лингвистикалық терминдердің метафоралық сипаты мен мазмұны, ақынның драматургиясына қатысты ой-пікірлері жайлы ой қозғады.

**Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**

# Алматы облысымен ортақ жобалар іске асырылады

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры Жансейіт Түймебаев «Туған жерге тағзым» атты өңірлік форумына қатысып, Алматы облысы әкімдігімен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.**






Форум жұмысына Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Ілияс Өсеров, ҚР сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаев, ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Жеңіс Өсербай, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Әлия Шалабекова, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының АҚ Басқарма төрағасы Гаухар Бөрібаева, «Бәйтерек ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Нұрболат Айдапкелов және ірі кәсіпкерлер, БАҚ өкілдері қатысты.

Форум барысында қол жеткізілген Алматы облысының әкімдігі мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасындағы келісім аясында екі жақты әріптестік қатынастар орнату және ұзақ мерзімді, өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту көзделген.

Келісім бірлескен іс-шараларды жоспарлау, бағдарламалардың ғылыми-техникалық сараптамасын әзірлеу және орындау, ақпарат алмасу, ортақ жобаларды іске асыру және басқа да жұмыс бағыттарын қамтиды.

Іс-шараны ұйымдастырушылар форумның жыл сайын өткізілетіндігін және келісімдердің саны мен инвестициялардың жалпы сомасы ашық жарияланып тұратындығын атап өтті.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**



**Нұржамал АЛДАБЕК,** шығыстану факультетінің профессоры, т.ғ.д.

# Шығыстанушылар ұлттық дипломатияның құрылуына зор үлес қосты

**– Нұржамал Әбдіразаққызы, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мерекесі құтты болсын! Шығыстанушы ғалым ретінде тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің сыртқы саясаттағы стратегиялық бағыттарына тоқталып өтсеңіз.**

– Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаттағы стратегиясының басым бағыттарының бірі – шығыстық, яғни азиялық бағыт. Еліміздің геосаяси жағдайына орай қалыптасып отырған сыртқы саясаттағы және сыртқы экономикалық қызметтердегі шығыстық бағыттың басымдыққа ие болуы заңды құбылыс. Әлемдік деңгейде де біртіндеп евроцентризмнен шығыстық бағытқа бет бұру үрдісі белең алуда. Шығыс үдемелі түрде дамып отырған демографиялық және экономикалық қарқынымен ғана емес, сарқылмас ғылыми ілімдердің де ошағы ретінде өзіне тартуда.

Қазақстанның әлемнің ең дамыған, өркениетті, алпауыт мемлекеттер қатарына қосылуы үшін еліміздің жарқын болашағының кепілі, өркениетті елдің кемел келбеті, тәуелсіздік тұғырын нық ұстайтын білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеу – қазіргі буынның, білім беру саласы қызметкерлерінің қасиетті міндеті, парызы.

Шығыстану ғылым және білім саласы ретінде алғаш рет Еуропадағы отаршылдық дәуірінің басталу кезеңінен пайда болған. Шығыс елдерін отарлау мақсатындағы практикалық мақсаттардан туындаған алғашқы қарапайым ілімді игеруден біртіндеп ғылыми зерттеу және білім саласындағы тілді игеру салаларын дамыту дүниеге келді. Сол кезден бастап батыстың отаршыл елдерінің бірқатарында шығысты зерттеу орталықтары қалыптасты. Отаршылдар шығыс қоғамына қатысты құнды дереккөздерін, кітаптарды елдеріне алып кетіп, соның негізінде батыс елдерінде зерттеулер жасалып, бай дерек қорлары мен кітапханалар, зерттеу орталықтары пайда болды.

Қазақ халқы үшін шығысты тану, оның тілдерін білу, мәдениеті және әдебиетімен таныс болу бұрыңғы замандардан бар үрдіс. Ертерек замандардағы қазақ даласынан шыққан ғұламаларды айтпағанның өзінде, бергі замандағы Абай, Шәкәрім, Шоқан сияқты ғұламаларымыз шығыстың бірнеше тілін біліп, шығыс ғұламаларының шығармаларымен таныс болған, оларды қазақшаға аударған.

**– Қазақстанда шығыстанушылар мектебінің қалыптасуына, білім беру саласының өркендеп-өсуіне елеулі үлес қосқан маңдайалды педагог-ұстаздарымыздан кімдерді атар едіңіз?**

– Қазақстанда шығыстану білім беру саласы ретінде өзінің дербес дамуын тек тәуелсіздіктің сәл алдында, 1989 жылы біздің университетте шығыстану факультетінің дүниеге келуінен бастау алады. 1994 жылы шығыстану факультетінің алғашқы түлектері қанат қақты.

Шығыстық бағытты басты назарға ала отырып, шығыстану факультеті осы жылдар ішінде шығыс елдерінің тілі мен әдебиетін, діні мен ділін, тарихы мен саясатын, қоғамы мен экономикасын зерделеген мыңдаған түлектерін даярлап шығарды. Университетімізде Әбсаттар Дербісәлі, Кеңес Қожахметұлы, Әбдіғали Шөпеков, Мәрзия Мәженова, Гүлжан Рамазанова, Клара Таджикова, Өтеген Күмісбаев, Гүлнар Надирова, Герман Ким т.б. ұстаздардың қазақстандық шығыстанушылар мектебі қалыптасты. Олар құлшынысқа толы, жігерлі де патриоттық сезімдері жоғары жастардың маман ретінде қалыптасуына, ұлттық дипломатиямыздың құрылуына зор үлестерін қосты. Бұл ұстаздар шығыс елдерінің тілі мен әдебиетінен, тарихы мен саясатынан дәрістер оқып, жан-жақты білім беруге тырысты. Сондай-ақ сол кездегі шығыстанушы маман педагогтердің тапшылығына орай, университетке шығыстанушы орталықтарда білім алып, түрлі салада қызмет атқарып жүрген Бахтияр Тасымов, Мұхтар Тілеуберді, Бағдат Әміреев, Сайлау Батыршаұлы, Ақылбек Қамалдинов, Асхат Оразбай сияқты шығыстанушы мамандар жұмысқа шақырылды. Олардың барлығы дерлік кейін қазақстандық дипломатияның, сыртқы саясаттың бүкіл бір дәуірін қалыптастырған тұлғаларға айналды. Шығыс елдерінің тілдері, мәдениеті мен саясаты туралы еңбектер жазды. Дипломатиялық қызметте жүрсе де, педагог ұстаз деген қасиетті қызметін ұмытпастан, шәкірттерінің қызметте шыңдалуына үлес қосып, қазақстандық дипломатия мектебін қалыптастырып келеді.

Сапалы дипломат кадрларды даярлауда ұстаздар жас маманның бойына жан-жақты терең білімді, жаңа жағдайларға тез бейімделе білу дағдысын, жылдам әрі салмақты шешімдер қабылдай білуді, мәселелерді мемлекеттің сыртқы саясат доктринасына қайшы келмейтіндей етіп шеше білуді үйретуге тырысты.

**– Шығыстану факультетінің түлектері тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында еліміздің дипломатиялық қызметіне тартыла бастағанынан хабардармыз. Осы жөнінде кеңірек таратып айтып берсеңіз.**

– 1994 жылы шығыстану факультетінің шығыстану бөлімін бітірген алғашқы түлектердің дені мемлекеттік қызметтерге алынып, жас тәуелсіз еліміздің заманауи мемлекет ретінде қалыптасуына олар да кірпіш болып қаланды. Олардың барлығы дерлік тәуелсіз мемлекетіміздің әртүрлі салаларындағы – СІМ, ҰҚК, кеден, шекара, коммерциялық құрылымдарға қызметке кетті. ҚР СІМ-де алғашқы қызметтерін қарапайым кіші қызметкер мен тілмаштықтан бастаған олар қазір біздің мақтанышымызға айналып, маман ретінде өздерін толық таныта білді. Олардың қатарында Қазақстанның Азия және Африка елдеріндегі төтенше және өкілетті елшілері Қайрат Лама Шариф, Азамат Бердібай, Берік Арын, Ержан Мұқаш, Арман Исағалиев, Бақыт Батыршаев сияқты түлектеріміз Араб елдерінде, Шахрат Нұрышев, Ғабит Қойшыбаев ҚХР-да, Ерлан Әлімбаев Үндістан Республикасында ҚР төтенше және өкілетті елшісі қызметтерін атқарды. Қазіргі күнде Шахрат Нұрышев СІМ бірінші орынбасары, ал Ерлан Әлімбаев СІМ орынбасары қызметтерін атқаруда, жапонтанушы Батырхан Құрмансейіт қазір СІМ төтенше тапсырмалар жөніндегі арнайы елші, қытайтанушы Нұрлан Ақкошқаров Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы Қазақстанның арнайы тұрақты өкілі қызметтерін атқарып отыр. Бұдан басқа да СІМ, ҰҚК т.б. мемлекеттік қызмет саласында абыройлы түлектеріміз жетерлік. Ғылым мен білім саласында қаншама түлектеріміз еңбек етуде. Міне, бұл тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан қазақстандық шығыстанушылар.

Отыз жылдан астам тарихы бар шығыстану факультеті осы жылдар ішінде ғылыми кадрларды даярлауда өз үлесін қосып келеді. Ғылым мен білім беру саласында да алғашқы түлектеріміз шығыс тілі мен әдебиетінен, тарихы мен саясатынан дәріс беріп әрі өздерінің ғылыми ізденістерімен жетістікке жете бастады. Қазір ғылым докторлары мен кандидаттары және жаңа форматтағы философия докторы (PhD ) дәрежесіне ие болғандар саны жыл сайын артып келеді. Шығыстану мамандығы бойынша шығыс елдерінің филологиясы, тарихы, саясаты, сыртқы саясаты, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, қоғамдық өмірі туралы зерттеу жүргізіп, еңбектерін жариялай бастады. Ғылыми зерттеу бағыттары Қазақстанның сыртқы саясат доктринасын қалыптастыруға, халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерін сараптауға септігін тигізер еңбектер деуге толық негіз бар.

**– Қазақстанның шығыс елдерімен өзара қарым-қатынасына тоқталсаңыз. Әрі ауыз толтырып айтарлықтай қандай соны жұмыстар атқарылды?**

– 1996 жылы елімізде Ғылым академиясы жанынан Шығыстану институты ашылды. Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі шығыстанулық зерттеулердің дені осы институт арқылы жүруде. Академиялық ориенталистиканың бір саласы – шығыс археографиясымен белсенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп отырған бұл ұйымның тындырғаны айтарлықтай көп. «Мәдени мұра» бағдарламасына белсене үн қосып, соның арқасында шетел мұрағаттары мен кітапханаларында жинақталған қазақ тарихына қатысты материалдарды тауып, оны талдап, саралап, ғылыми аударма жасап халыққа ұсынды, бұл жұмыс әлі де жалғасуда. Ал шеті ойылмай жатқан тарихи мұраларымыз әлі де жетерлік. Шетелдік тарихи құжаттар қоры мен кітапханаларда зерттеуін күткен дүниелер қаншама. Ол үшін жүйелі де мақсатты бағдарлама құрып, мемлекеттік қолдау арқылы осы тарихи мұраларымызды зерделеу кезек күттірмейтін мәселе.

Орталық Азиядағы ең ірі мемлекеттердің бірі – егемен Қазақстан аймақтағы көшбасшы елге айнала отырып, бүгінде өзінің шынайы тарихын қалыптастыруда және әлемнің көптеген елдерімен белсенді қарымқатынас ұстануда. Қазақстанның шығыс елдерімен өзара қарымқатынастарын, шығыстың мәдениеті мен экономикасын, тіпті қазақтардың өз төл тарихын зерттеп, зерделеуі үшін де шығыстанушы мамандарға деген сұраныс қазіргі таңда аса қажет деп есептейміз.

Шығыс елдерінің қазіргі кезеңдегі жаһандану мен әлемдік шаруашылық-саяси жүйеге қарай интеграциялану дәуіріндегі олардың тарихының іргелі мәселелерін саралау, сондай-ақ қазіргі замандағы шығыс елдерінде жүріп жатқан тарихи-саяси үрдістерді олардың тарихи тәжірибесі мен өркениеттік ерекшеліктерін ескере отырып, соған сәйкес, шығыстанушылардың кәсіби түсініктерін қалыптастыру ғалымдардың алдында тұрған жауапты міндет.

Кез келген мемлекет басқа елдің тарихын зерттеуге өз елінің мүддесі тұрғысынан қарайды. Әлемдегі шығысты зерттеуге бетбұрыс немесе ориентализм ғылым және білім саласы ретінде дамуы отаршылдық заманынан бастау алғанын жоғарыда айттық. Батыс пен ресейлік ориентализм осы мақсатта пайда бола отырып, бүгінгі дейінгі кезеңде ірі-ірі классикалық ғылыми мектептер қалыптастырып, адамзат игілігіне аса бай зерттеулер мен құнды деректер топтамасын қалыптастырды. Шығыс елдерін зерттеу ісі бұл елдерде қазіргі таңдағы әлемдік геосаяси жағдайларға, заманның даму бағытына орай жаңа сипатпен дамуын жалғастыруда. Сондай-ақ шығыс елдерінің өздерінде де отарсыздану дәуірі басталғалы бері дербес тың зерттеулерін дүниеге әкелуде. Шығыстану ілімі туралы отаршылдық сипаттағы еңбектерден, қасаң тұжырымдардан өзгеше, дербес шығыстық сипаттағы теориялар мен концепциялар қалыптастыруда, яғни шығысты шығыстық көзбен зерделеу белең алуда.

**– Тәуелсіз Қазақстанның шығыс елдерін зерттеудегі басты өзекті мәселе неде?**

– Шығыс елдерін зерттеудегі негізгі міндеті – қазіргі әлемде қалыптасып отырған геосаяси жағдайды еске ала отырып, Қазақстанның мүддесі тұрғысынан зерделеу мәселелерін айқындау. Мысалы, Қытаймен ғасырлардан бері тарихи байланыстардың түрлі кезеңдерін бастан өткере отырып, еліміз қытайтану ғылымы мен білімін жан-жақты дамытуға мүдделі. Тәуелсіз Қазақстанның шығыстағы алып көршісі – Қытай қоғамының қазіргі кезеңдегі дамуы әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси салалардағы елеулі өзгерістері әлем назарын өзіне аударып отыр. Қытай XX ғасырдың соңғы ширегінен бастап, Дэн Сяопиннің реформалық саясатын табысты жүргізу нәтижесінде қазіргі күнде «әлемнің екінші экономикасы» деген атқа ие болып отыр. Жаһандану үрдісі қытайлық қоғамның дамуына айтарлықтай ықпал етуде. Қытайлық социализмді ұтымды жүргізе отырып, социалистік Қытай дамудың өзіне тән жаңа қытайлық моделін қалыптастыруда. Сондықтан бұл елдің қоғамдық дамуы мен саяси жаңаруының ерекшеліктерін айқындау біз үшін өте маңызды. Ең бастысы, Қытай – біздің еліміздің ғасырлар бойы тағдыр қосқан көршісі. Қытаймен байланыстарымыз ежелгі заманнан келе жатыр, ал қазіргі күнде бұл тіпті өзекті. Екі ел арасындағы стратегиялық, саяси, сауда-экономикалық байланыстар дамуда. Сондықтан Қытай елін жан-жақты зерделеудің қаншалықты қажет екені айтпаса да түсінікті.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда шығыстану ғылым саласы ретінде де, білім беру саласы ретінде де даму үстінде, еліміздің ішкі-сыртқы саясатының мүддесінен шығатын, еліміздің бет-бейнесін сырт елдерге таныта алатын мамандар баршылық. Тек оларға барынша мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, олардың білім мен ғылыми зерттеу саласындағы талпыныстарына бағыт-бағдар беріп отырсақ, еліміздің шығыстанушы мамандары шетелдік әріптестерімен терезесі тең дәрежеде өздерін көрсете алары сөзсіз.

**– Әңгімеңізге рақмет.**

**Сұхбаттасқан**
**Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ**

№42 (1866), 17 ЖЕЛТОҚСАН 2022 ЖЫЛ ● АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ QAZAQ UNIVERSITETI

# Дала өркениетінің дәстүрлі шаруашылығын зерттеуші

**Әлихан Бөкейханов – қазақ қоғамының дамуына ерекше, өшпестей із қалдырған дара тұлға. Қазір Ә.Бөкейхановтың экономика саласындағы ғылыми-зерттеушілік еңбектері ұлттық статистика ғылымында өзіндік сипатымен дараланып отыр. Ол мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дала өркениетінің дәстүрлі шаруашылығын, экономикасын зерттеуге тікелей қатысты. Қазақ халқының болашағы және ертеңі ауыл шаруашылығы арқылы жарқын болатынын болжай білді. Дәстүрлі дала шаруашылығы мен жер мәселесі қазақтардың ұлт болып қалудағы басты құндылығы екенін жете ұғынды және осы бағыттағы ғылыми еңбектерін баспасөзде жариялады. Жүргізілген экономикалық зерттеу деректеріне жүгінсек, Әлихан Бөкейханов 17 жылдай білім алған.**



Әлихан Бөкейхановты ерте бастан өз халқы құқығының бұзылуы, өлкесінің бодандықта болу жағдайлары, дәстүрлі дала шаруашылығының құлдырауы қатты алаңдатқан. Ұлы дала елінің мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі халық шаруашылығының күрделі де қиын өзгерістерге ұшырап жатқаны толғантты. Қазақ халқының Ресей империясының боданында болған 300 жыл бойы өз жоғын жоқтауына да шамасының келмегені ұлтжанды азаматтың жанына батты. Зерттеулерге сүйенсек, орыс империясы 1886 жылы қоныс аударуға байланысты заң шығара бастаған. Ал XIX ғасырдың соңында Ресейдің премьер-министрі П.Столыпин «жер мәселесін» қазақ өлкесінің есебінен шешуге белсене кірісіп, жергілікті халықтың жерлері: егістік алқабы, жайылым, орман-тоғайын тартып алып, қазақтардың жеріне 2 миллионнан астам келімсекті қоныстандырған.

Ол Ресейдің Императорлық география қоғамы Батыс Сібір бөлімінің толық мүшесі (1896-1908 жж.); Мәскеудің ауылшаруашылық қоғамының Омбы бөлімінің толық мүшесі (1908-1917 жж.); Ф.Брокгауз, И.Ефрон құрастырған 22 томдық «Жаңа энциклопедиялық сөздік» редакция алқасының мүшесі; «Сибирские вопросы» ғылыми-публицистикалық журналының тұрақты авторы әрі редакция мүшесі (1908-1910 жж.); Мәскеудің КСРО халықтарының Орталық баспасы Қазақ редакциясының әдеби қызметкері (1922-1927 жж.); Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің профессоры (1926-1927 жж.). Ол қазақ даласындағы халық шаруашылығының экономикалық жағдайын зерттеген өте құнды екі монографиялық еңбек қалдырған. «Материалы по экономическому обследованию районов Сибирской железной дороги. Животноводство. Овцеводство в районе Западного участка Сибирской железной дороги – Томск, Товарищество «Печатня» С.П.Яковлева» монографиясы 1904 жылы жарияланса, 1905 жылы «Материалы по экономическому обследованию районов Сибирской железной дороги. Скотоводство. Скотоводство (крупный рогатый скот) в районе Западного участка Сибирской железной дороги – Томск, Товарищество Печатня» С.П.Яковлева» атты монографиясын жазды. Оның ғылыми-зерттеу материалдары негізінде, сондай-ақ «Қазақтың қой тұқымдары мен қой шаруашылығы» және «Ірі қара мал шаруашылығы» монографиялары жарық көрді.

Әлихан Бөкейхановтың экономикалық көзқарасының құндылығын тұжырымдайтын болсақ, ол, біріншіден, туған халқының құқығын қорғауды алдына мақсат етіп қойып, белсенді және нақты көмек көрсету идеясын ұстанды. Отаршылдарға қарсы қоғамдық-саяси экономикалық күрес көзқарасын қалыптастырды және осы жағдайға сай келетін өзінің орны мен рөлін терең сезініп, туған Отанына деген сүйіспеншілігін өміріне тұмар етті. Екіншіден, жер мен мүлікке келімсектердің иелік жасап жатқанын, яғни сол кездегі қазақ халқының дәстүрлі халық шаруашылығы экономикасының күрделі өзгеріске ұшырағанын көре білді. Үшіншіден, сол өмір сүрген қоғамдағы дәстүрлі шаруашылық саласын бағалай алатын білікті экономикалық білімін пайдаланып, туған халқының халық шаруашылығының жағдайын экономикалық зерттеулері арқылы көрсетті. Төртіншіден, Ресей патшасы ұйымдастырған статистикалық экспедицияларға өзі өтініш білдіріп, шынайы ынтасымен тікелей қатысып, нақты статистикалық-экономикалық деректер негізінде қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының нақты көріністерін экономикалық тұрғыдан есептеп, қағаз бетіне жан бітірген тұңғыш статист-ғалым-экономист болды. Бесіншіден, қазақ өлкесінің жері мен мал шаруашылығы экономикасы туралы алғашқы, қомақты, көпжақты ғылыми монографиялық зерттеулерінің құндылығы бүгінгі күнге дейін өзінің мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Алтыншыдан, қазақ қоғамындағы дала шаруашылық жағдайының экономикалық базасы қиыншылыққа ұшырап жатқанын Дума мінберінен, қоғамдық және әртүрлі ортада айта білді. Жетіншіден, далалық экспедиция зерттеулерін айқын және нақты сандық есептеулер негізінде дәлелдер, тұжырымдамалар, байламмен толықтырып, баспасөз бетінде ашық жариялап отырды. Сегізіншіден, экономист ретінде қазақ даласында қой және ірі қара шаруашылығының мыңдаған жылдарға негізделген жоғары деңгейде дамып жатқан табиғи ортамен үндесін (төл табиғаттың тепе-теңдігінің сақталуы үшін жаз – жайлауға, күз – күздеуге, қыс – қыстауға, көктемде – көктеуге), бейімделген жүйесінің, табиғат пен адамдар арасындағы үзіліссіз байланыстың тұтастығы сақталғанын дәлелдеген қағидалары құнды. Тоғызыншыдан, ол өте жігерлі, білімді (14 жыл оқыған: орыс-қазақ бастауыш мектебі, төрт жылдық кәсіптік училище, Омбы техникалық училищесі, Санкт-Петербургтегі императорлық орман институты), еңбекқор, дарынды, туған халқының құқықтық-экономикалық мәселесін саяси тұрғыдан терең түсінген, бағалаған, саналы бар ғұмырын және білімі мен білігін қазақ халқының игілігіне арнаған, өз міндетін жете білумен ерекшеленетін мемлекет қайраткері. Оныншыдан, бұл экономикалық еңбектердің жазылғанына 118 жылдан асса да, олар өзінің өзектілігі мен құндылығын әлі күнге дейін жоғалтқан жоқ.

Қазақ өлкесінің ауыл шаруашылығы саласын зерттеген тұңғыш экономист-ғалым. Ең бастысы, ғылыми және статистикалық экспедициялардың бел ортасында жүрген 1894-1895 жылдардағы «Тобыл», 1896-1901 жылдардағы Ф.Щербинин басқарған статистикалық экспедицияларын, КСРО Ғылым академиясының академигі С.Швецов басқарған Сібір теміржолы бойындағы мал шаруашылығын зерттеген 1903-1904 жылдардағы статистикалық-экономикалық сапарлары, профессор С.Руденко басқарған Бүкілодақтық Ғылым академиясының экономикалық отряды құрамында «Адай уезі» (1926 ж.) статистикалық-экономикалық және тұрмыстық зерттеу экспедициясын ерекше айта кеткен ләзім. Осындай маңызды дала экспедицияларына шыққан ол білімі мен ғылыми-зерттеушілік тәжірибесін пайдаланып, экономикалық көзқарасын ашық айтты. Туған халқының дәстүрлі халық шаруашылығының құлдырауына тосқауыл қою мақсатында құқықтық мәселелерді көтерді.

Ұлттық экономикадағы өзіндік орны, ұлтының мүддесіне адал қызмет жасағанының нәтижесі, ең алдымен, оның ғылыми еңбектері арқылы ұлықталатыны – уақыт шындығы. Ол туған өлкесі мал шаруашылығының маңызын және оның дала өркениетін дамытудағы атқаратын орнын бағамдай білген тұлға. Қазіргі кезде Әлихан Бөкейхановтың экономика саласындағы ғылыми-зерттеушілік еңбектері ұлттық статистика ғылымында өзіндік сипатымен дараланып отыр. Алаштың біртуар перзентінің дәстүрлі дала шаруашылығының экономикасын зерттеп жазған еңбектері, көтерген мәселелері мен бастамалары бүгінгі кезде ерекше сұранысқа ие. Оның экономикалық еңбектері қазақ халқының халық шаруашылығы саласын түбегейлі жан-жақты, жүйелі, кешенді алғаш зерттеген құнды ғылыми жұмысқа жатады. Ол туған халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын терең түсініп, ұлтының сана-сезімін оятуға белсене араласты. Экономикалық еңбектеріндегі идеясы, тұжырымдамасы өміршеңдігін дәлелдеп, заманмен бірге жаңара береді.

**Оңалбек АБРАЛИЕВ,**
*Менеджмент кафедрасының профессоры, экономика ғылымының докторы*

---

**1986 жылдың желтоқсанында алаңға шығып, кеңес билігіне наразылық көрсеткен жастардың қаһарлы империядан сескенбегенінің белгісі азаттықты аңсау екені сөзсіз. Шынында да, Желтоқсан көтерілісі азаттық таңы ататын күннің жақындап қалғанын сездірген оқиға еді. Желтоқсаннан кейін барып Кеңес елінің түкпір-түкпірінде сан түрлі толқулардың болғаны, ақыры араға бес жыл салып Кеңес Одағының ыдырауына алып келді.**

# Отан үшін аянбай еңбек ету – парыз



Тарихи әділдік пе, әлде кездейсоқтық па? Желтоқсан көтерілісіне Кеңес Одағының Коммунистік партиясы орталық комитетінің қаулысымен «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген баға беріліп, оған қатысқан азаматтар қуғын-сүргінге ұшырады. КСРО-ның тоталитарлық, отаршыл саясатына қарсы қазақ жастарының азаттық күресі тарихи маңызы бар үлкен оқиға болғаны сөзсіз.

Желтоқсан айының 16-сы – Қазақстан халқы үшін алтын әріптермен жазылған атаулы күн. Мемлекеттің заң шығарушы жоғарғы органы – ҚР Парламенті 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылдады. «ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңының қабылдануына С.Сартаев, С.Зиманов, М.Баймаханов және тағы басқа атақты заңгерлер мен академиктер зор үлес қосты.

Жүрегі «елім» деп соққан әр қазақтың мемлекеттік мерекесі – Тәуелсіздік күні. Бүгінгі таңдағы жеткен барлық жетістігіміз тәуелсіздіктің арқасы. Қазақстанның егемен ел, тәуелсіз мемлекет болғанын аңсап, өмірден өткен Желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз деп санаймын.

Тәуелсіздіктің бәрімізге артар міндеті, жауапкершілігі зор. Азаттыққа қол жеткізу қаншалықты күрделі болса, оны сақтап қалу да, тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүріп кету де соншалықты қиын. Аз уақыт ішінде Қазақстан өзін әлемге танытып үлгерді. Көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көпұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы, еліміздің экономикалық өрлеуі, әлем елдерімен тығыз достық қарым-қатынас орнатуы – тәуелсіз еліміздің басты мақсаты. Еліміздің тағдыры біздің ұлттық сана-сезімімізге, отаншылдығымызға, болашаққа деген сенімімізге байланысты. Бізге абзалы – Отан үшін аянбай еңбек ету.

Өскелең ұрпаққа тәуелсіздігіміздің қиын да қилы жолмен келгенін ұғындыру – біздің борышымыз. Көк аспанымызбен астасқан көк туымыз әрдайым биіктен желбірей берсін!

**Арайлым МЕРЕКЕ,**
*заң ғылымының магистрі*

QAZAQ UNIVERSITETI №42 (1866), 17 ЖЕЛТОҚСАН 2022 ЖЫЛ ● АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# Борец за свободу независимость

**Среди плеяды казахской интеллигенции конца XIX – начала XX в. таких, как Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов, Миржакып Дулатов, Жакып Акпаев, Мустафа Шокай, Халел Досмухамедов и других, особо выделяется фигура Жаханши Досмухамедова. Выпускник Уральского войскового реального училища и престижного юридического факультета Императорского Московского университета (ныне МГУ имени М.Ломоносова), один из лидеров движения «Алаш», председатель западного отделения «Алаш-Орда», заместитель председателя Всероссийского мусульманского совета, талантливый организатор, блестящий политик, профессиональный юрист, прокурор, правовед, цивилист. Ему, как юристу, принадлежит ведущая роль в формировании правовой концепции «Алаш» и образовании «Алаш-Орда», а его государственные и правовые взгляды представляют интерес по сей день, так как имеют прогрессивный характер.**

Важно отметить, что в тот сложный для Казахского края исторический период весь цвет казахской молодежи был сосредоточен в таких крупных российских городах, как: Москва, Санкт-Петербург, Томск, Омск, Оренбург и т.д. Окончив Уральское войсковое реальное училище, Жаханша Досмухамедов продолжил учебу в одном из лучших ВУЗов России - Императорском Московском университете. На выбор его будущей профессии оказали влияние общественно-политическая обстановка в стране и бедственное положение народа, который находился на грани потери многовековых традиций и обычаев. Молодого и талантдивого Жаханшу заметили, сам ректор оказал поддержку, чтобы юноша стал студентом университета. Об этом свидетельствуют письма, обнаруженные в государственных архивах Москвы. Он изучал общественно-политическую и правовую литературу, научные труды российских и зарубежных ученых, прогрессивные идеи американских, европейских и русских мыслителей, а также приобрел навыки ораторского искусства. Продолжая идеи русского либерализма и осознавая полинациональность народов Средней Азии и Казахстана, он видел реальные перспективы консолидации народов. Выдвигал идею объединения народов, предлагая ориентироваться на узбеков, туркмен, башкиров и вообще на Туркестан, как родственный по составу населения регион.

